

# Нақты қылмыстар себептерінің әлеуметтік және биологиялық факторлары

## Әлеуметтік және биологиялық факторлардың ара қатынасы



- Қылмыстық мінез-құлықтың туындауында және оның кейінгі дамуында әлеуметтік және биологиялық факторлар теориялық және тәжірибелік маңызға ие болады: ол қылмыстылықпен күресудің әдіс-тәсілдері мен мақсаттарын айқындаудың негізі болып табылады. Өйткені қылмыстық мінез-құлықтың себептілік жүйесіндегі әлеуметтік және биологиялық факторларды дұрыс бағалауға септігін тигізеді;
- адамның мінез-құлқындағы әлеуметтік және биологиялық факторлардың ара қатынасының тұрақты және бірдей болмауы мәселені күрделендіре түседі;
- бұл қатынас себептілік жүйесінің әр кезеңінде әртүрлі болады: а) саналы мінез-құлық актісіне әкелетін тұлғаның дамуының бастапқы сатысында; ә) нақты тұлғаның даму үрдісінде және өмірінде; б) қоғамдық қатынастардың дамуы барысында.

## 2 Тұлғаның дамуының бастапқы кезеңі



Себептілік жүйесіндегі алғашқысы адам ағзасының дамуының бастапқы кезеңіне байланысты және ол қылмыстық мінез-құлықтан алыс болады. Криминологиялық тұрғыдан осы кезеңде тұлғаның криминогенді бағытта дамуына ықпал ететін қандай да бір биологиялық факторларды анықтаудың маңызы үлкен.

Жеке тұлғаның биологиялық дамуы үш топтағы факторлардың өзара күрделі әрекеттестігінен құралады: генетикалық (тұқым қауалаушылық), экологиялық (қоршаған ортаның әсері) және осы факторлардың өзара байланысының нәтижесі болып табылатын жеке факторлар.

Әлеуметтік жағымды немесе қылмыстық мінез-құлықтың қандай да бір туа біткен бағдарламаларының болу-болмауы ғылыми дәлелдегенбеген. Мұндай мінез-құлықтың тұқым қуалаушылайтын белгілері де анықталмаған. Адам өмірінде жинақталған дағдыларды мұрагерлікке алып қалудың мүмкін емес екендігін генетика дәлелдеп отыр.

Дегенмен бұл нақты қылмыстардың себептерін зерттеуде «қылмыскер тұлғасының биологиялық құрылымынан бас тарту керек» дегенді білдірмейді. Адам - тек әлеуметтік қана емес, сонымен бірге биологиялық тіршілік иесі екенін қмытпауымыз қажет. Оның мінез-құлқында (оның ішінде - қылмыстық) әлеуметтік элементтермен қатар, әруақытта да биологиялық элементтер орын алады.

### 3 Нақты тұлғаның даму үрдісі және өмірі

Қылмыстық мінез-құлық генезисінің себептілік жүйесіндегі келесі саты - жеке тұлғаның қалыптасу кезіндегі әлеуметтік және биологиялық факторлардың қатынастары саналады. Бұл кезеңде биологиялық факторлар алдыңғы кезеңге қарағанда әлсіз көрінсе, әлеуметтік факторлар - керісінше күшейе түседі.

Жеке тұлғаның қалыптасу кезеңіндегі биологиялық қасиеттерінің ішінде адамның жынысы, жасы, дене және психологиялық денсаулығы, сондай-ақ, патологиялық ауытқушылықтардың болуы елеулі маңызға ие болады.

Тұлғаның қалыптасуына жас мөлшері белгілері қатты ықпал етеді. Әртүрлі жас мөлшерінде қоршаған әлеуметтік ортаның ықпалы әртүрлі болып келеді. Бала кездегі жүйке жүйесінің жетіліп-піспеуі, адам ағзасының түрлі психикалық қысымдарға дайын болмауы, қоршаған ортаны түсінудегі жасөспірімдердің көзқарасының ерекшеліктері, қысылтаяң шақтардағы қызбақандылық және жағымсыз зардаптарды шынайы дәрежеде бағалай алмау қылмыс жасауға өзінің ықпалын тигізері анық.

## Қоғамдық даму үрдісі

Қылмыстық мінез-құлықтың үшінші жүйесі қылмыстық ниеттің туындауы және оны жүзеге асырумен байланысты.

Бұл арада екі әлеуметтік факторлар өзара әрекет етеді: қылмыс жасауға итермелейтін нақты өмірлік жағдай және қалыптасқан криминогенді ниеттегі қылмыскердің жеке тұлғасы. Қылмыстық мінез-құлықтың осы жүйесі басқаларына қарағанда қылмыстық мінез-құлық актісіне жақын тұрады.

Адамның мінез-құлқымен оның ерік-жігері, шығармашылығы мен эмоционалдық жай-күйі қамтылады. Мінез-құлық көріністерінің дербес ерекшеліктері үшін адам биологиясының ерекшеліктері елеулі маңызға ие болады.